

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы ереже ТжКБ жүйесі оқу орындарының студенттері арасында Өскемен жоғары политехникалық колледжінің 70 жылдығына орай бағдарламалаудан өткізілген облыстық олимпиаданың (бұдан әрі – Олимпиада) мақсаттары мен міндеттерін, өткізу тәртібін, ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз етуді, қатысу шарттарын, жеңімпаздарды айқындауды, сондай-ақ марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2 Олимпиада Өскемен қаласы, Серікбаев көшесі, 5 мекен-жайында орналасқан «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК базасында өткізіледі.

Олимпиаданы өткізу күні: **24 ақпан 2023 жыл.**

Олимпиаданың басталу уақыты: 09 сағат 00 минут.

Қатысушыларды тіркеу: сағат 8.30-дан 09.00-ге дейін

1.3 Олимпиадаға қатысушылар: ШҚО техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының IT-мамандықтарының студенттері.

1.4 Әрбір ТжКБ ұйымынан Олимпиадаға 1-ден 5-ке дейін студент қатысуға рұқсат етіледі.

1.5 Өткізу формасы: офлайн

1.6 Олимпиада тілі: қазақ, орыс

1.7 Өтінімдерді ұсыну мерзімі: Олимпиадаға қатысу үшін өтінімді ұйымдастыру комитетіне **17.02.2023ж.** дейін 1-қосымшада ұсынылған үлгі бойынша ag_dan@mail.ru электрондық мекен-жайға өтінім жіберу қажет.

2 ОЛИМПИАДАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Олимпиаданы өткізу мақсаты:

- студенттердің шығармашылық әлеуетін дамыту, ақпараттық технологиялар мен бағдарламалауды оқуға деген қызығушылығын ынталандыру, дарынды студенттерді анықтау, мамандарды даярлау сапасын арттыру.

2.2 Олимпиаданың міндеттері:

- алгоритмдеу және бағдарламалау бойынша білім алушылардың кәсіби дағдыларын жетілдіруді ынталандыру;

- студенттердің уәждемесін және кәсіби бағдарын дамыту;

- кәсіби және ғылыми-зерттеу қызметінің деңгейін одан әрі арттыру мақсатында тәжірибе алмасу;

- белгілі бір білім саласында ең қабілетті және дайындалған студенттерді анықтау;

- студенттердің кәсіби білім қорын кеңейту және тереңдету және ғылыми дүниетанымын қалыптастыру;

- оқу пәнін өз бетінше оқуға қызығушылықты дамыту, ғылыми-көпшілік әдебиеттермен жұмыс істеу дағдыларын дамыту;

- студенттердің жеке басының психологиялық қасиеттерін дамыту және жетілдіру: білімге құштарлық, бастамашылық, еңбексүйгіштік, ерік-жігер, табандылық, білімді игерудегі дербестік;

- облыс колледждері арасындағы өзара әрекеттестік пен ынтымақтастықты дамыту және нығайту;

- интеллектуалды және шығармашылық дарынды студенттерді анықтау және қолдау.

3 ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

3.1 Олимпиаданы ұйымдастырушылар: «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ, «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК.

3.2 Олимпиаданы дайындау және өткізу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және іске асыру үшін колледж оқытушыларының арасынан ұйымдастыру комитеті құрылады.

Ұйымдастыру комитетінің қызметі:

- Олимпиаданы өткізу туралы ережені әзірлейді;

- Олимпиаданы дайындау мен өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады;

- Олимпиаданы дайындау мен өткізу бойынша барлық іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

- Олимпиадаға қатысушылардың жұмысын бағалау критерийлері мен шарттарын әзірлейді;

- қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

3.3 Ұйымдастыру комитеті Олимпиаданы өткізу бағдарламасын әзірлейді.

3.4 Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері туралы ақпарат «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК сайтында орналастырылады.

3.5 Олимпиадаға Шығыс Қазақстан облысының ТжКБ ұйымдарының студенттері оқу тіліне және меншік нысанына қарамастан қатысады. Олимпиадаға қатысушының олимпиадаға қатысу тілін (қазақ немесе орыс тілдерін) таңдауға құқығы бар.

3.6 Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Серікбаев к-сі, 5. Электронды мекен-жайы: ag_dan@mail.ru. Анықтама телефондары: 8-777-131-3215 (конкурс үйлестірушісі Гольцева Ирина Анатольевна), 8-747-817-5567 (конкурс үйлестірушісі Даниярова Арда Геннадьевна).

4 ОЛИМПИАДАНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Олимпиада үш кезеңнен тұрады:

I-кезең – олимпиаданың бағдарламасын дайындау бойынша ұйымдастыру комитетімен өткізілетін өтінімдерді жинау.

2 кезең – алгоритмдеу және бағдарламалау бойынша тест тапсыру. Тест тапсыруға 1 сағат уақыт беріледі. Олимпиаданың екінші турына 1-турдан сәтті өткен және тестілеуден ең жоғары ұпай жинаған 10 қатысушы өтеді.

3-кезең – есептер шығару. Студенттерге әр түрлі күрделіліктегі бағдарламалаудан 5 есеп беріледі. Есептерді орындау үшін қатысушыларға 3 сағат уақыт беріледі. Бағдарламалау тілін студент өтініш берген кезде таңдайды.

5 ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖЕТЕКШІЛЕРДІ МАРАПАТТАУ

5.1 Олимпиаданың үшінші кезеңінің қорытындысы бойынша ең көп ұпай жинаған қатысушы олимпиаданың жеңімпазы болады.

5.2 Олимпиаданың қорытындысы бойынша барлық қатысушыларға қатысу сертификаттары, ал жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Қазылар алқасы жұмыстар бағалаулар критерийлеріне сәйкес келмесе жүлделі орындарды бермеуге құқылы.

5.3. Жеңімпаздар мен жетекшілерді марапаттау үшін ШҚО КББ орталығының дипломдары мен алғыс хаттары табысталады.

6 ОЛИМПИДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНЕ ҚҰЖАТТАРДЫ ТАПСЫРУ ТӘРТІБІ

Олимпиадаға қатысу үшін 2023 жылдың 17 ақпанына дейін ұйымдастыру комитетіне 1-қосымшада ұсынылған үлгі бойынша ag_dan@mail.ru электрондық мекенжайға өтінім жіберу қажет.

Олимпиадаға қатысуға байланысты барлық шығындар (келу, кету, тамақтану, тұру) жіберуші тарап есебінен жүзеге асырылады.

Олимпиада кезінде студенттердің өзімен бірге жеке куәлігі және студенттік билеті болуы керек.

ӨТІНІМДІ РЕСІМДЕУ ЕРЕЖЕСІ

Өскемен жоғары политехникалық колледжінің 70 жылдығына арналған
бағдарламалаудан облыстық олимпиадаға қатысуға
ӨТІНІМ

Колледж туралы ақпарат

Колледж атауы	
Колледж байланысы (телефон)	
Колледж байланысы (e-mail)	

Қатысушының жетекшісі туралы ақпарат

Тегі Аты Әкесінің аты	
Лауазымы	
Байланыс (телефон)	
Байланыс (e-mail)	

Қатысушы туралы ақпарат

Колледж атауы	
Қатысушының Т.А.Ә.	
Байланыс (телефон)	
Байланыс (e-mail)	
Мамандығы	
Оқу курсы	
Оқу тілі	
Бағдарламалау тілі және ортасы	
Жетекшінің Т.А.Ә.	